



БҮЙРЫҚ

2022 жылғы оркындағы
Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 911е
город Нур-Султан

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

Колледж қызметіндегі сыбайлас жемқорлық көріністеріне зерделеу (мониторинг) жүргізу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Колледж қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жұмыс тобы (бұдан әрі-жұмыс тобы) келесі тәртіпте құрылсын.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі- ішкі талдау) жүргізу жұмыс тобының құрамына колледждің әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілі директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары А.В.Корольдің жетекшілік етімен директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары м.а А.Сейіт, бөлімше меншерушісі Н.Ақдаuletov, оқытушы Ж.Магаунин,, өндірістік оқыту шебері С.Койшибаева енгізіліп бекітілсін.

3. Жұмыс тобы:

3.1. ішкі талдау жүргізуді (бұдан әрі-ішкі талдау) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандагы № 12 бүйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес 2022 жылғы 01 -20 қыркүйек аралығында жүзеге асырсын.

1. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарына сәйкес колледж қызметі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептерді анықтау, ықпал ететін себеп-жагдайларды зерделеуді 2021 жылғы 30 тамызынан 2022 жылғы 30 тамыз аралығын қамтып ішкі талдау бойынша сараптама қорытындыны 2022 жылғы 20 қыркүйекте ұсынуды қамтамасыз етсін.

2. Колледже әкімшілік басқару қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар (А. Король, Г. Сапарбекова, Н.Нуржанова, Ж. Мырзабекова, Г.Сергазина, А.Сейтжанова, Ж.Сейтова, А.Арғынбек) құзыреттіліктері шенберінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыс тобына қажетті іс-шараларды жүргізуге қажетті мүмкіндіктерді оңтайландырып, құжаттармен қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын қадағалауды өз міндетіме аламын.

Директор

3. Клышибаева



БҮЙРЫҚ

2022 жылдың ортапарынан
Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 351 нр
город Нур-Султан

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу, жемқорлық құқық бұзушылықтың алдын алу туралы

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығының алдын алу мақсатында
БҮЙЫРАМЫН:

1. Колледж бойынша Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептерді анықтау, ықпал ететін себеп-жағдайларды зерделеу, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, болдырмау іс-шаралары бектіліп, жүзеге асырылсын.(жауапты А.Сейітов)

2. Басқару және әкімшілік лауазымды атқаратын тұлғаларға мемлекеттік қызметті орындаумен сыйыспайтын әрекеттерге жол бермеу жауаптылығы күшеттіліп, колледж бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызмет талаптары қатаң сақталынын (жауапты А. Король, Г. Сапарбекова, А.Сейітов, Ж.Ергалиева, Ж. Мырзабекова, Н. Нуржанова, А. Сейтжанова, Г.Серғазина, А. Арғынбек)

3. Педагогикалық және лауазымды қызметкерлерге қандай бір заңсыз қаражат жинау, демеушілік және қайырымдылық түріндегі көмектер алуға қатаң тыйым салынын.

4. Колледж қызметкерлеріне жеке өзінің немесе колледждің мүддесіне байланысты қандай да бір қор құру, қаражат жинау Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа алып келетіндігі ескертілсін.

5. Директордың оку жұмысы бойынша орынбасары Г. Сапарбековға, оқу-өндірістік жұмыс бойынша орынбасары А. Корольге, тәрбие жұмысы бойынша орынбасары м.а. А.Сейітовке қызметкерлерден, білім алушылардан заңсыз ақша жинау, ата-аналардан демеушілік немесе ерікті қайырымдылық көмек талап ету фактілерінің алдын алу мақсатында педагогикалық ұжым және ата-аналар қоғамы арасында кеңінен түсіндіру жұмысы міндеттелсін.

6. Білім алушылар мен қызметкерлер ақша жиналып жатқандығынан хабардар болған жағдайда колледж арнайы ресми сайтында көрсетілген парақшага, колледж ғимаратының бірінші қабатында орналасқан сенім жәшігіне ақпарат қалдыруға болатындығын колледж фойесіндегі ақпараттық тақтаға ілініп, хабарлама тәртібінде қызметкерлер мен білім алушылар назарына жеткізілсін.

7. Кадр бөлімі менгерушісі А. Арғынбек заңсыз қаражат жинау немесе демеушілік көмек талап бойынша колледждің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне

түсken сýбайлас жемқорлыққа қатысты шағымдар немесе фактілер бойынша Қазақстан Республикасы еңбек кодексінің 52 бабының (еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзу негіздері) 14 тармақшасы (тәрбиелу функцияларын атқаратын жұмыскер осы жұмысын жалғастырумен сыйыспайтын, моральға қайши қылыштар жасаған) басшылыққа алынып еңбек шартының бұзылатындығын ескертіп, жауапты тұлғаларды осы бұйрықпен қол қою тәртібімен таныстыруды қамтамасыз етсін.

8. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өз міндетіме аламын.

Директор

З. Клышбаева

Таныстым

Лауазымды тұлғалар:

Директордың оқу жұмысы б/ша орынбасары

Г. Сапарбекова

Директордың оқу-өндірістік жұмыс б/ша орынбасары

А. Король

Директордың тәрбие жұмысы б/ша орынбасар м.а.

А. Сейітов

Директордың оқу-әдістемелік жұмыс б/ша орынбасары

Ж. Ергалиева

Директордың ақпараттық технология б/ша орынбасары

Ж. Мырзабекова

Директордың кәсіптік оқыту бойынша орынбасары

Н. Нуржаярова

Директордың шаруашылық жұмыс б/ша орынбасары

А. Сейтжанова

Бас есепші

Г. Серғазина

Кадр бөлімі менгерушісі

А. Арғынбек

01.09.2022 ж.